

**Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2020 жылғы 5 маусымдағы № 238/527 " Ақтөбе облысының кейбір елді мекендерін қайта атау және атаудың транскрипциясын өзгерту туралы" бірлескен қаулысына және шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Ақтөбе облыстық мәслихатының 2020 жылғы 15 қазандағы № 568 бірлескен шешімі және Ақтөбе облысы әкімдігінің 2020 жылғы 15 қазандағы № 371 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 21 қазанда № 7558 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 және 27-баптарына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабының 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы №138 "Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Ақтөбе облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Ақтөбе облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтөбе облысы әкімдігінің және мәслихатының 2020 жылғы 5 маусымдағы № 238/527 "Ақтөбе облысының кейбір елді мекендерін қайта атау және атаудың транскрипциясын өзгерту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7176 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде 2020 жылғы 17 маусымда электрондық түрде жарияланған) бірлескен қаулысына және шешіміне келесідей өзгеріс енгізілсін:

орыс тіліндегі бірлескен қаулысы және шешімінің 1-тармағының 1) тармақшасындағы "Жургенева" сөзі "Жургенова" сөзімен ауыстырылсын.

Қазақ тіліндегі мәтін өзгерілмейді.

2. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысының және мәслихаттың шешімінің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары М.З. Шермағанбетке жүктелсін.

3. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ақтөбе облысының әкімі  
Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы*

*Облыстық мәслихаттың хатшысы*

*О. Уразалин*

*А. Айтжанов*

*С. Калдыгулова*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК